

БЕКІТЕМІН:

ШҚО білім басқармасы

Өскемен қаласы бойынша

білім бөлімінің «Ақ бота»

балабақша-бөбекжайы КМҚК

директоры

М.С. Мухамадиева



Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Өскемен қаласы, 2026 жыл

Мазмұны:

I Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары

II Оқыту және білім беру

III Білікті қызметкерлердің болуы

IV Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

V Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

VI Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

VII Кемшіліктер мен ескертулер. Оларды шешу жолдары.

ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК өзін – өзі бағалауы

Өздік аттестаттау жұмысы жүргізілетіні жөнінде шешім 2026 жылдың 14 қаңтарда кезектен тыс педагогикалық кеңесінде бір ауыздан қабылданды. Шешім негізінде «12» қаңтар № 3 жқ бұйрығына сәйкес «Өзін-өзі бағалау» комиссиясы құрылды. (Бұдан әрі Комиссия) «Өзін-өзі бағалау» келесі құрамда жүргізілді.

Мухамадиева Маржан Сериковна – директор, комиссия төрайымы.

Даутханова Әсем Талғатбекқызы- әдіскер, комиссия мүшесі

Омирбекова Жазира Едигеовна- тәрбиеші, комиссия мүшесі

Мурзагалиева Гульнара Болаткановна-тәрбиеші, комиссия мүшесі

Мамыржанова Гүлнұр Мейірқызы-тәрбиеші, комиссия мүшесі

Толемисова Анар Кумарбековна -тәрбиеші, комиссия мүшесі.

Турсынханова Меруерт Мейрановна - хатшы

Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына (бұдан әрі заң). «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі өлшемшарттары) және білім беру ұйымының білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілері негізінде пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігін 2018 жылдың 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі-Стандарт) жалпы талаптар бойынша жүргізілді. (ҚР Оқу –Ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен енгізілген өзгерістер негізінде) жүргізілді.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1. Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.

Білім беру ұйымының толық атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы КМҚК

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (Занды мекен жайы және нақты орналасқан жері): Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, үй 42/1, пошта индекс» 070002.

3. Занды тұлғаның байланыс деректері

телефон 8(7232)221406,

электрондық пошта detskiysad-iasliakbota@mail.ru.

Мухамадиева Маржан Сериковна – директор.

2025 жылдың 20 – қазанындағы № 462 ж «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 69-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы КМКҚ директоры лауазымына тағайындалды.

2007 жылдан бастап балабақша директоры қызметін Саирова Сабира Бияхметова атқарып келген.

Балабақша директоры жоғары білімді. Шығыс гуманитарлық институты «Психология» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек өтілі - 36 жыл.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

Мемлекеттік қайта тіркеуден өту туралы анықтама:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Өскемен қаласының тіркеу және жер кадастры бөлімі» заңды тұлғаны **қайта тіркеу туралы анықтама** 2021 жылдың 16 қаңтар күні жаңартылды. Бірегей нөмірі 101000206311613,

БИН 071040017495

<https://drive.google.com/file/d/1xbR2b8WtP2eukal6SfBOOdnbiWaPfZgL/view?usp=sharing>

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы КМКҚ **Жарғысы** «Өскемен қаласының қаржы бөлімінің 2024 жылғы «29» ақпан № П-88(к) бұйрығымен бекітілген.

Рұқсат беру құжаттары:

Білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия нөмірі

<https://drive.google.com/file/d/1FBdzjohGyTxAv-b2NXmdSwk8cIjqwvJ5/view?usp=sharing>

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы КМКҚ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарландыру

Тіркелген жылжымайтын нысандардың техникалық төлқұжаты (Ф-2):

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ-сі:

Кадастрлық номері: 05-085-051-1433

Медициналық қызметпен айналысуға лицензия Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментімен 16.04.2021 жылы №21015574 берілген.

Мекеменің жұмыс режимі:

- 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);
- 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- жұмыс аптасы-бес күндік;
- балалардың болу ұзақтығы -12 сағат;
- күнделікті жұмыс кестесі: 7:00-ден 19:00-ға дейін.

Тәрбиелеу және оқыту мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

Топтар саны: 6 топ.

Балабақшаның жобалық қуаттылығы 2007 жылы 140 орын болып ашылды. (санитариялық – эпидемиологиялық қорытынды № F.01.X.KZ39VWF00074049 25 тамыз 2022 жыл) 01.12.2023 жылға балалардың нақты тізімдік құрамы: 140 бала. Тәрбиеленушілердің құрамы олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жинақталады. Топтарды тәрбиеленушілермен толықтыру «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 маусымда № 20883 болып тіркелді.

Соңғы үш жыл 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 ж. №394 бұйрығы) ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сәйкес 1 жастан 5 (6) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған үлгілік оқу жоспарына сай жасалып, бекітілген, мөрленген.

Істер номенклатурасы ШҚО цифрландыру және архивтер басқармасының «Мемлекеттік архив» КММ ЭК хаттамасымен келісіліп, бекітілген. «01-Басшылық», «02- Кадрлар», «03 – Құжаттамалық қамтамасыз ету, құжаттарды сақтау ұйымдастыру», «04 – Оқу-тәрбие жұмысы», «05-Бухгалтерия», «06 – Әкімшілік -шаруашылық бөлімі», «07- Дәрігерлік бөлім», «08 – Кәсіподақ комитеті».

2023-2024 оқу жылында 5 педагогикалық кеңес, 2024-2025 оқу жылында 5 педагогикалық кеңес. 2025-2026 оқу жылында мекеменің мемлекеттік аттестациядан өтуіне байланысты кезектен тыс 2 педагогикалық кеңес ұйымдастырылды.

Балабақша тәрбиеленушілерінің контингентіне соңғы үш жылға сараптама жасалды. Қозғалыс кітабында баланың мектепке дейінгі ұйымға қабылдану уақыты, жасы, тобы, мектепке дейінгі ұйымнан шығу уақыты көрсетілген.

Еңбек шарттары мен лауазымдық нұсқаулықтар жұмысқа қабылданған уақытта қол қойдырылып, арнайы журналға тіркеледі. Мекеме директорымен шығарылған бұйрықтар 2 түрлі бұйрықтар папкасына (жеке құрамдық, өндірістік) бөлініп салынып, арнайы журналға бөлініп салынып отырады.

Аттестациядан өтуге өтініш «Аттестациядан өтетін педагогтармен жұмыс» папкасына салынып, куәліктері «Біліктілік санаты берілгендігі туралы куәліктер беруді тіркеу журналына» тіркеледі.

Жаңа қабылданған қызметкерлер «Лауазымы бойынша еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік туралы кіріспе нұсқаулық» журналына қол қойып, нұсқаумен танысады.

Тәрбиешілер және пән мамандары тақырыптық нұсқаулықтармен («Бала жарақатына алдын-алу», «Күз, қыс, көктем, жаз мезгілдеріндегі серуенді ұйымдастыру», «Төтенше жағдай түрлері мен жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекеттер», «Балабақша аумағындағы бала қауіпсіздігі», «Өрт фактілерін болдырмау», «Ұйымдастырылған іс-әрекетті ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік») танысып, «Лауазымы бойынша еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік туралы ағымдағы нұсқаулық» журналына қол қояды.

Барлық педагогтардың жұмысқа орналасқан кездегі құжаттары толық жинақталған. Әр қызметкердің жеке іс-құжаттары жеке куәлігі, диплом көшірмесі, соттылығы жоқ, психо-диспансерлік, наркологиялық есепте тұрмағандығы жөнінде анықтамалар т.б тиісті құжаттармен жинақталған.

Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиелеу және білім беру процесін 21 педагог (директор, әдіскер, 12 тәрбиеші, бейнелеу өнері маманы, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, қазақ тілі маманы, музыка жетекшісі, хореограф, педагог-ассистент) жүзеге асырады.

Үш жылдың штаттық кестелері қалалық білім беру бөлімімен келісіліп, бекітілген.

Тәрбиелеу және білім беру процесін басқару жөнінде «Ішкі тәртіп туралы ереже», «Педагогикалық кеңес туралы ереже», «Директор жанындағы өндірістік кеңес туралы ереже», «Тәлімгерлік туралы ереже», «Жас мамандармен жұмыс туралы ереже», «Психологиялық қызметті ұйымдастыру туралы ереже», «Әдістемелік кеңесті ұйымдастыру туралы ереже» құжаттар бар.

I. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту. Қазақ халқының ұлттық ойындарын ойнауға қызықтыру, үйрету

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту. Ұлттық мәдениетке

қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру. Мамандықтар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; креативті және сыни ойлауды дамыту;

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: Балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету; Өңірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, экологиялық білім беру сапасы мен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін арттыру

Міндеттері:

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру. Ұлттық ойындар ойнауға алаңдар жасақтау
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Отбасымен бірлескен әрекеттер ұйымдастыру. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастыруды жолға қою.
- ✓ Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында еңбек әрекетін зерттеу, балаларда еңбек дағдыларын дамыту, балалардың еңбекке деген ынтасы мен қызығушылықтарын қалыптастыру үшін қазіргі сұраныстағы мамандықтардың алуан түрлерімен танысуға және мамандық түрлерін ойын арқылы игеруге мүмкіндік беру
- ✓ Санау салыстыра ойлау қабылеттерін Интеллектум және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту
- ✓ Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ Қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын менгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту.
- ✓ Табиғатқа, ұлттық және табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға үйрету, патриотизм сезімін қалыптастыру
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар, экологиялық жобалар жүргізу.
- ✓ «Жасыл балабақша» жобасын жүзеге асыру
- ✓ Баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау
- ✓ Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық және қаржылық сауаттылықты қалыптастыру
- ✓ Жасанды интеллект технологияларын меңгерту.

2023-2024 оқу жылы:

Педагогтер деңгейінде:

педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
баланың даму процесін жетілдіру мақсатында кері байланыс орнатуға,
зерттеу мәдениетін құру;
қазіргі жағдайда жұмыс істеуге қажетті құзыреттерді дамыту;

Балаларға:

физикалық аман-саулықты қамтамасыз ету;
әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті қалыптастыру;
когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамыту;
бастамашылдықты, дербестік пен жауапкершілікті дамыту;
өз бетінше саналы таңдау жасай білуді;
командада жұмыс істей білуді;
сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
креативтілікті қолдау;

Ата-аналарға:

білім беру процесінің қатысушылары болуды қамтамасыз ету;
баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;
баланың жеке мүмкіндіктерін бірлесе дамыту;
көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға ат салысу;
үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік беру.

Мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты, үйлесімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді және ол ақпараттық қызметті атқарады, яғни әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым-қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен әлеуметтік өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

2024-2025 оқу жылы:

Әдістемелік жұмыс жыл көлемінде келесі міндеттерді шешуге бағытталды:

1. «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды, дамыту мен білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша «Балабақша-отбасы «Бірыңғай білім беру кеңістігі».
3. Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділігін қалыптастыру.
4. Денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып баланың денсаулығын нығайту.
5. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін үшін төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылып, жүргізілді.

Қорытынды: педагог-тәрбиешілер жыл көлемінде ізденіс тақырыптары бойынша білім беру модульдері бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізді. Жас мамандар ізденіс тақырыптарын тиянақтап, жетекші тьюторлардың көмегімен келесі оқу жылына жоспар құрды.

2024-2025 оқу жылы балабақшаның әдістемелік жұмысында жұмыстың келесі формалары қолданылды:

- Педагогикалық кеңестер
- Өздігінен білім алу
- Әдістемелік кеңестер
- Семинар -практикумдер
- Үнемі әрекеттегі семинарлар
- Директор жанындағы кеңестер
- Шеберлік сағаттары.
- Дөңгелек үстелдер
- Конференциялар

Ұжымдық әдістемелік жұмыстың жоғары формасы педагогикалық кеңес болып табылады. 2024-2025 оқу жылында тақырыптық үш педкеңес және екі ұйымдастырушылық педкеңес өткізілді.

Бірінші ұйымдастырушылық педкеңесте оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары, ҰІӨ кестесі, үйірме жұмыстарының кестесі, МДҰ тәрбиешілері мен мамандарының перспективалық жоспарлауы және жылдық жұмыс жоспарлары, жергілікті актілер қабылданды.

Соңғы педагогикалық кеңесте әдіскер мен педагог-психолог 2024-2025 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысына талдау және жазғы кезеңдегі дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстырылды.

Қорытынды: Педагогикалық кеңестің барлық тақырыптары жылдық жоспардың негізгі міндеттеріне арналды. Жыл көлемінде әр педагогикалық кеңестің шешімі шығарылып отырылды, педагогтардың қызметіне,

тәжірибелі-эксперименталды жұмыстарының кезеңдеріне әдістемелік кеңесте талдау жасалды, қорытындылар жасалды, ұсыныстар берілді, келесі жұмыс үшін бағыттар жоспарланды.

Тәжірибелі-эксперименталды жұмыстың нәтижесі бойынша директордың міндетін атқарушы Мухамадиева Маржан Сериковнаның авторлық бағдарламасы Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігі

«BILIM CITY» әдістемелік көмек көрсету орталығы «Мектепалды жастағы балаларға арналған логикалық тапсырмалар жиынтығы» атты авторлық бағдарламаның жаңартылған білім беру аясында инновациялық оқу-әдістемелік басылым ретінде жарық көріп, республикалық деңгейде таратылғанын растайды. Сонымен қатар жылдық жұмыс жоспары бойынша семинар-практикумдар, шеберлік сағаттар, іскерлік ойындар ұйымдастырылды.

2025-2026 оқу жылы:

Түйінді тақырып:

«Балабақшада ұлттық салт-дәстүрлер мен адамгершілік құндылықтар негізінде адал азамат тәрбиелеу»

Мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы адалдық, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру және қоғамда өзін дұрыс ұстай алатын саналы азамат тұлғасын тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Балалардың жас ерекшелігіне сай адалдық, шыншылдық, әділдік ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тыйым сөздер мен мақал-мәтелдер арқылы адамгершілік құндылықтарды дамыту;
- Ұлттық ойындар мен ойын әрекеттері арқылы әділдікке, өзара сыйластыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу;
- Балалардың күнделікті өмірде адал мінез-құлық көрсету дағдыларын қалыптастыру;
- Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, еңбекті бағалауға баулу;
- Отбасы мен балабақша арасындағы тәрбиелік ынтымақтастықты нығайту. Балаларды тәрбиелеуде балабақша мен отбасының сабақтастығын ұйымдастыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың отбасылық құндылықтарын қалыптастыру, тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмыс істеудің жаңа формасын іздеу және енгізу.

II. Оқыту және білім беру

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы КМҚК жұмыс оқу жоспары МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылды. Жұмыс оқу жоспары Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК директорымен бекітіліп, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Өскемен қаласы бойынша білім беру бөлімі» ММ басшысымен келісілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалып, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістіктік орта, оның ішінде арнайы орта құрылып, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік – эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған жағдайлар жасалған. Ұйымдастырылған іс – әрекеттер баланың жас ерекшеліктерін сақтай отырып, күні бойы шектеусіз, кіріктіру арқылы жүзеге асырылды. Балабақшаның жұмыс оқу жоспары 2025 жылдың 29 тамызында өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді.

2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары:

Кіші топта дене шынықтыру аптасына 3 рет, музыка аптасына 1 рет, ортаңғы топтарда дене шынықтыру аптасына 3 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, музыка аптасына 1 рет жүргізілсе, ересек топтарында дене шынықтыру аптасына 3 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, музыка аптасына 2 рет жүргізілсе, үйірме жұмыстары (хореография) қарастырылды.

2024-2025 оқу жылының жұмыс оқу жоспары:

Кіші топта дене шынықтыру аптасына 3 рет, музыка аптасына 1 рет, ортаңғы топтарда дене шынықтыру аптасына 3 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, музыка аптасына 1 рет жүргізілсе, ересек топтарында дене шынықтыру аптасына 3 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, музыка аптасына 2 рет жүргізілсе, үйірме жұмыстары хореография ортаңғы және ересек топтарда жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылының жұмыс оқу жоспары:

Кіші топта дене тәрбиесі аптасына 3 рет, музыка аптасына 1 рет.

Ортаңғы топтарда дене тәрбиесі аптасына 3 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, музыка аптасына 1 рет жүргізілсе, үйірме жұмыстары ретінде хореография ортаңғы және ересек топтарда өткізіледі.

Ересек топтарында дене тәрбиесі аптасына 3 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, музыка аптасына 2 рет жүргізілсе, үйірме жұмыстары (хореография) аптасына екі рет жүргізіледі.

Бекітіліп, келісілген жұмыс оқу жоспары негізінде ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері құрылды. Кесте мекеме директорымен бекітілді. Кесте апта күндері, топ аты, жасы көрсетіліп, жас ерекшеліктер бойынша апталық жүктеме сақтала отырып құрылды.

Тәрбиелеу-білім беру процесі перспективалық жоспар, циклограмма, бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылды.

Тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар келесі қағидаттарға бағдарланды:

- ойын арқылы оқыту;

- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескерді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілді.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтар жылына бір рет жасап, мекеме директорымен бекітілді. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалып жазылды.

Циклограмма балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етті. Әр аптаның соңында циклограммалар әдіскермен тексеріліп, ұсыныстар берілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасына вариативті сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

Балабақшада ортаңғы, ересек топтарда хореография үйірме жұмыстары жүргізіледі.

Хореография бойынша үйірме жұмысының барысы Астана қ 2023 жылда өткен Сараптау кеңесі отырысының қорытындысы бойынша балабақша хореографы балабақшалар мен шағын орталықтарда

қолданылуға ұсынылған «Ритмика» жинағын басшылыққа алып жүргізіледі.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бұйрығының 2-тарауы 4-тармағының 2, 3 тармақшалары талаптарына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» бұйрығының 1, 2 қосымшаларына сәйкес келеді.

III. Білікті қызметкерлердің болуы

Баланың үйлесімді қалыптасуы және оның оқу процесінде сәттілігінің кепілі тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін дамытудың жоғары деңгейін білдіреді. Осылайша, мектепке дейінгі білім беру сапасы тәрбиешілердің біліктілік сапасына, әдістемелік жұмыстың сапасына және балабақша менеджментінің сапасына тікелей байланысты.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелері бірқатар кадрлық проблемаларды бастан кешуде. Атап айтқанда, білікті кадрлардың тапшылығы байқалады. Сондықтан педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі үлкен маңызға ие.

Білім беру сапасы білім беру процесі мен педагог пен бала арасындағы әрекеттестікке, мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби шеберлігіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда білім беру сапасын жетілдіру баланы оқыту мен дамыту әрекеттестігінен тұрады, яғни мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кадрлық қамтамасыз етілуіне және олардың кәсіби сапасына ерекше талаптар қойылады. МДҰ-ның бәсекеге қабілеттілігі мен нәтижелі қызмет атқаруы көбінесе баланы жас кезеңдері бойынша қолайлы ілгерілетуді қамтамасыз ететін педагогтардың дайындық деңгейіне (әдістемелік, жалпы психологиялық, диагностикалық) байланысты.

2023-2026 оқу жылдары бойынша педагогикалық ұжымның құрамы:

№	Педагогтардың лауазымы	2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Директор	1	1	1
2	Әдіскер	1	1	1

3	Логопед	1	1	1
4	Педагог-психолог	1	1	1
5	Дене тәрбиесі нұсқаушысы	1	1	1
6	Музыка жетекшісі	1	1	1
7	Хореограф	1	1	1
8	Қазақ тілі маманы	1	1	1
9	Бейнелеу өнері маманы	1	1	1
10	Педагог-ассистент	2	3	3 (тәрбиешілер)
11	Тәрбиешілер	12 (2 вакансия)	11 (2 вакансия)	12 (2 вакансия)
Жалпы саны:		22	22	24


Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі мекеменің тәрбиелеу және білім беру процесін 22 педагог (директор, әдіскер, 12 тәрбиеші, бейнелеу өнері маманы, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, қазақ тілі маманы, педагог-ассистент, музыка жетекшісі, хореограф) жүзеге асырды. Балабақша әдіскері қызметін тәрбиешілер Толемисова А.К., Оралханова А.О атқарды. Қазақ тілі маманы Ж.Е.Тыныбаеваның жұмыстан шығып кетуіне байланысты қазақ тілі маманы К. Жунусова қабылданды.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі мекеменің тәрбиелеу және білім беру процесін 22 педагог (директор, әдіскер, 11 тәрбиеші, бейнелеу өнері маманы, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, қазақ тілі маманы, педагог-ассистент, музыка жетекшісі, хореограф) жүзеге асырды. Қазан айынан бастап директор С.Саированың жұмыстан шығуына байланысты балабақша директорының міндетін әдіскер А.Оралханова атқарды. Мамыр айынан бастап директордың міндетін атқарушы А.О. Оралханованың жұмыстан шығуына байланысты М.С. Мухамадиева балабақша директорының міндетін атқарды. Дене шынықтыру нұсқаушысы А. Көпжасовтың жұмыстан шығуына байланысты С.М.Тотаева дене шынықтыру нұсқаушысы болып жұмысқа қабылданды. Музыка жетекшілері А.Каримовтың және Е.Даниярқызы жұмыстан шығуына байланысты Б.Авгамбаева музыка жетекшісі болып жұмысқа қабылданды. Педагог-психолог М.Турсынханованың декреттік демалыстан шығуына байланысты орнына жұмыс жасаған педагог-психолог Э.Касымханова жұмыстан босатылды. Қазан айынан бастап тәрбиеші, әдіскер А.Оралханованың директордың м.а байланысты тәрбиешінің балаларды тәрбиелеу және оқыту міндетін басқа тәрбиешілер атқарды.

Қорытынды: 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі мекеменің тәрбиелеу және білім беру процесін 24 педагог (директор, әдіскер, 12 тәрбиеші, бейнелеу өнері маманы, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, қазақ тілі маманы, педагог-ассистент, музыка жетекшісі, хореограф, логопед) жүзеге асырды. Тәрбиешілер Сейлханова Жаңыл, Совет Айжұлдыз, Мархабатқызы Аида, Асқарова декреттік демалысқа кетті. Бейнелеу өнерін тәрбиешілер Г.Б.Мурзағалиева, Г.М.Мамыржанова жүргізеді. Қазақ тілі мұғалімі Ә.Т.Даутханова әдіскер қызметін қоса атақарады.

Педагог-ассистент - 3. Оның қызметін педагог З.Т. Жарлғапбергенова атқарса, 2 педагог-ассистенттің қызметін тәрбиеші-педагогтар А.К.Толемисова, Ж.Е.Омирбекова, С.Саудан, А.М.Тотаева, К.М.Дакебаева атқарады. Тәрбиеші А.С. Калымбекованың өз еркімен жұмыстан шығуына байланысты орнына педагог-ассистент З.Т. Жарлғапбергенова тәрбиеші қызметін атқарады. Бейнелеу өнерін сәуір айынан бастап З. М.Касенованың орнына Е.Сағындықова жүргізеді. Жоғарыда аталған өзгерістерді ескере отырып 2025-2026 оқу жылында педагогтер саны барлығы 19 педагог.

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі. (Тәрбиешілер)



Қорытынды: 2023-2024 жылда мектепке дейінгі жоғары білімді тәрбиешілер саны 6, мектепке дейінгі арнайы орта білімді тәрбиешілер саны 6, мектепке дейінгі білімі жоқ тәрбиешілер саны жоқ.

2024-2025 жылда мектепке дейінгі жоғары білімді тәрбиешілер саны 4, мектепке дейінгі арнайы орта білімді тәрбиешілер саны 7, мектепке дейінгі білімі жоқ тәрбиешілер саны жоқ.

2025-2026 жылда мектепке дейінгі жоғары білімді тәрбиешілер саны 4, мектепке дейінгі арнайы орта білімді тәрбиешілер саны 7, мектепке дейінгі білімі жоқ тәрбиешілер саны 1. (*Саудан Сандуғаш Ержанқызы бастауыш білім беру кәсіби мамандығы бойынша білімі бар, қазіргі уақытта С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-де мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша оқып жатыр*).

Қорытынды: 2025-2026 оқу жылында тәрбиешілердің 100%-да «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» мамандығы бойынша білімдері бар, пән мамандарының дипломдары атқарып отырған лауазымдары бойынша сәйкес келеді.

Барлық 19 педагогтың 74% жоғары білімді, 26 %-орта арнаулы білімді педагогтар. Мекеменің педагогикалық құрамының білім деңгейін жоғары деп санауға болады, бұл мектепке дейінгі білім беру мекемесі тәрбиеші-педагогтарының кәсіби дамуына деген ұмтылысы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Педагогтердің біліктілік деңгейі жұмыс өтілімен және аттестаттау нәтижелері бойынша санатымен сипатталады.

Педагогикалық мектепке дейінгі емес жоғары білім бар педагогтар Д.О. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша орта арнаулы білімдері бар. 2025-2026 оқу жылында қабылданған тәрбиешілер («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бойынша қайта даярлық курсынан өткен), жоғары білімі «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы болғанымен. 2023-2026 оқу жыл аралығында тәрбиешілер бала күтіміне байланысты еңбек демалысына шығып отырды. Орнына тәрбиешілер қабылданды.

Педагогтердің біліктілігін үздіксіз арттыру үшін жағдайлар үнемі жасалынады, бұл туралы педагогтарды курстық қайта даярлау және педагог кадрларды жоспарлы аттестаттаудың перспективалық жоспарын орындау дәлел бола алады.

2023-2024 оқу жылы
Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтардың саны

№	Педагогтардың аты – жөні, тегі	Лауазымы	Санаттары	Курстан өткен жылы	Перспективалық жоспар		
					2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Саирова Сабира Бияхметовна	директор	Менеджер	2021		+	
2	Оралханова Айгерім Оралханқызы	Әдіскер Тәрбиеші	Педагог-зерттеуші	2023			+
3	Толемисова Анар Кумарбековна	Әдіскер Тәрбиеші	Жоғары санат	2023			+
4	Омирбекова Жазира Едигейовна	Тәрбиеші	Педагог модератор	2023			+
5	Мамыржанова Гүлнұр Мейірқызы	Тәрбиеші	2 санатты	2023			+
6	Совет Айжұлдыз	Тәрбиеші	-	-		+	
7	Исан Сәулегүл	Тәрбиеші	Педагог-сарапшы	2023			+
8	Рахимбекова Индира Акановна	Тәрбиеші	Жоғары санат	2023			+
9	Ахмадиева Айгерім Нұрлыбекқызы	Тәрбиеші	Екінші санатты	2023			+
10	Мурзагалиева Гульнара Болаткановна	Тәрбиеші	Педагог-модератор	2023			+
11	Мархабатқызы Аида	Тәрбиеші	-	-		+	
12	Сеилханова Жаңыл Саматқызы	Тәрбиеші	-	2023			+
13	Исалинова Гаухар Жанибековна	Бейнелеу өнері мұғалімі	Педагог-сарапшы	2023			+
14	Көпжасов Айбол Серікқанұлы	Дене шынықтыру нұсқаушысы	-	-		+	
15	Нургалиева Майгуль Аукиловна	Хореограф	Екінші санатты	2023			+
16	Қайырлыққызы Жұлдыз	Тәрбиеші	Педагог-модератор	2023			+

17	Жунусова Канатгуль	Қазақ тілі мұғалімі	Педагог- сарапшы	2020			
18	Касымканова Эльвира Айтмухамбетовна	Психолог	-	2024			+
19	Топаева Динар Асылбековна	Логопед	-	2023			+
20	Аринова Айнур Айтказиновна	Логопед	-	2023			+
21	Даниярқызы Еркежан	Музыка жетекшісі	-			+	
22	Қаңғашева Аялуым Саркытбекқызы	асистент	-			+	

2024-2025 оқу жылы
Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтардың саны

№	Педагогтардың аты – жөні, тегі	Лауазымы	Санаттары	Курстан өткен жылы	Перспективалық жоспар		
					2025- 2026	2026- 2027	2027- 2028
1	Оралханова Айгерім Оралханқызы	Әдіскер Тәрбиеші	Педагог- зерттеуші	2023	+		
2	Толемисова Анар Кумарбековна	Әдіскер Тәрбиеші	Педагог модератор	2023	+		
3	Омирбекова Жазира Едигейовна	Тәрбиеші	Педагог модератор	2023	+		
4	Мамыржанова Гүлнұр Мейірқызы	Тәрбиеші	Педагог модератор	2023	+		
5	Совет Айжұлдыз	Тәрбиеші	-	-	+		
6	Исан Сәулегүл	Тәрбиеші	Педагог- сарапшы	2023	+		
7	Рахимбекова Индира Акановна	Тәрбиеші	Педагог модератор	2023	+		
8	Ахмадиева Айгерім Нұрлыбекқызы	Тәрбиеші	Педагог модератор	2023	+		
9	Мурзағалиева Гульнара Болаткановна	Тәрбиеші	Педагог- модератор	2021	+		
10	Мархабатқызы Аида	Тәрбиеші	-	-	+		
11	Сеилханова Жаңыл Саматқызы	Тәрбиеші	Педагог модератор	2023	+		
12	Исалинова Гаухар	Бейнелеу өнері	Педагог-	2023	+		

	Жанибековна	мұғалімі	сарапшы				
13	Оспанова Гүлжазира Абатаевна	Тәрбиеші	Педагог - модератор	2024		+	
14	Нурғалиева Майгуль Аукиловна	Хореограф	2 санатты	2023		+	
15	Авгамбаева Бақытгүл Кайсановна	Музыка жетекшісі	Педагог модератор	2023		+	
16	Саудан Сандуғаш Ержанқызы	Ассистент	-	2023		+	
17	Даутханова Әсем Талғатбекқызы	Қазақ тілі мұғалімі	Педагог- модератор	2024		+	
18	Турсынханова Меруерт Мейрановна	Психолог	Педагог- модератор			+	
19	Асқарова Айгерім Айдыңқызы	Логопед	-			+	
20	Кошимбаева Анар Толеуқызы	Ассистент	-			+	
21	Тотаева Сарсенгуль Маратовна	Дене шынықтыру нұсқаушысы		2025		+	+
22	Қаңғашева Аялуым Саркытбекқызы	Ассистент	-				

2025-2026 оқу жылы

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтардың саны

№	Педагогтардың аты – жөні, тегі	Лауазымы	Санаттары	Курстан өткен жылы	Перспективалық жоспар		
					2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Мухамадиева Маржан Сериковна	Директор	Педагог-сарапшы	2026			+
2	Даутханова Әсем Талғатбекқызы	Әдіскер қазақ тілі мұғалімі	Педагог-модератор	2026			+
3	Толемисова Анар Кумарбековна	Тәрбиеші	Педагог модератор	2026			+
4	Омирбекова Жазира Едигейовна	Тәрбиеші	Педагог Модератор	2026			+
5	Мамыржанова Гүлнұр Мейірқызы	Тәрбиеші	Педагог Модератор	2026			+
6	Мурзағалиева Гүльнара Болаткановна	Тәрбиеші	Педагог-модератор	2026			+
7	Нурғалиева Майгуль Аукиловна	Хореограф	2 санатты	2026			+
8	Авгамбаева Бақытгүл Кайсановна	Музыка жетекшісі	Педагог-модератор -	2026			+

9	Саудан Сандуғаш Ержанқызы	Тәрбиеші	-	2026			+
10	Турсынханова Меруерт Мейрановна	Психолог	Педагог- модератор	2026			+
11	Тотаева Сарсенгуль Маратовна	Дене шынықтыру нұсқаушысы	-	2026			+
12	Сағындықова Еркежан Қайратовна	Бейнелеу	-	2026			+
13	Рахимбаева Ботағоз Муслимқызы	Тәрбиеші	-	2026			+
14	Касенова Зульфира Маулетхановна	Тәрбиеші	Педагог- модератор	2026			+
15	Рахимова Айдана Дулатқызы	Тәрбиеші	-	2026			+
16	Дакебаева Кульсара Макековна	Тәрбиеші	-	2026			+
17	Нургалиева Гулназ Бахтаулетовна	Тәрбиеші	-	2026			+
18	Сейтказина Замира Жанболатовна	Тәрбиеші	Педагог- модератор	2026			+
19	Жарлғапбергенова Зульфия Талгатовна	Тәрбиеші	-	2026			+

Қорытынды: Біліктілік арттыру курстарынан үш жылда бір реттен сиретпей өткен педагогтар үлесі 100%.

2025-2026 оқу жылында барлық тәрбиешілер мен педагогтер Орлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан курстан өтті.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшысының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер.

Аты-жөні, білімі	2023-2024	
	Санаты	Еңбек өтілі
Саирова Сабира Бияхметовна	Педагог- менеджер	36 жыл

Аты-жөні, білімі	2024-2025	
	Санаты	Еңбек өтілі
Оралханова Айгерім Оралханқызы	Педагог-зерттеуші	14 жыл

Аты-жөні, білімі	2025-2026	
	Санаты	Еңбек өтілі
Мухамадиева Маржан Сериковна	Педагог-сарапшы	11 жыл

Педагогтардың біліктілік санатын көтеруі туралы талдамалар


Оқу жылы	Педагогтар саны	санаттары														
		Жас маман	Санатсыз	%	Екінші	%	Бірінші	%	Жоғары	%	Педагог-модератор	%	Педагог – сарапшы	%	Педагог-зерттеуші	%
2023-2024	22	3	9	46%	3	13%	0	-%	2	10%	3	13%	3	13%	1	5%
2024-2025	22	4	7	31%	1	5%	0	-	0	-	11	50%	2	9%	1	5%
2025-2026	19	1	8	42%	1	5%	0	-	0		9	48%	1	5%	0	-

Педагогикалық кадрларды аттестаттаудың перспективалық жоспары

№	Педагогтардың аты – жөні, тегі	Лауазымы	Санаттары	Санатты алған жылы	Перспективалық жоспар				
					25-26	26-27	27-28	28-29	30-31
1	Мухамадиева Маржан Сериковна	директор	Педагог-сарапшы	2025					+
2	Даутханова Әсем Талғатқызы	Әдіскер қазақ тілі мұғалімі	Педагог-модератор	2021		+			
3	Толемисова Анар Кумарбековна	Тәрбиеші	Педагог-модератор	2024				+	

4	Омирбекова Жазира Едигейовна	Тәрбиеші	Педагог- модератор	2023				+	
5	Мамыржанова Гүлнұр Мейірқызы	Тәрбиеші	Педагог- модератор	2024				+	
6	Саудан Сандұғаш Ержанқызы	Тәрбиеші	-					+	
7	Нургалиева Гульназ Бахтаулетовна	Тәрбиеші	-					+	
8	Рахимбаева Ботағоз Мұслимқызы	Тәрбиеші	-					+	
9	Мурзағалиева Гульнара Болаткановна	Тәрбиеші	Педагог- модератор	2021		+			
10	Рахимова Айдана Дулатқызы	Тәрбиеші	-					+	
11	Касенова Зульфира Маулетхановна	тәрбиеші	Педагог- модератор	2024				+	
12	Дакебаева Кульсара Макековн	Тәрбиеші	-					+	
13	Сағындықова Еркежан	Бейнелеу мұғалімі	-					+	
14	Тотаева Сарсенгуль Маратовна	Дене тәрбиесі нұсқаушыс ы	-			+			
15	Турсынханова Меруерт Мейрановна	Педагог- психолог	Педагог- модератор	2021		+			
16	Авгамбаева Бакытгуль Кайсановна	Музыка жетекшісі	Педагог- модератор	2024				+	
17	Нургалиева Майгуль Аукиловна	Хореограф	-						
18	Жарлғапбергенова Зульфия Талғатовна	Ассистент	-					+	
19	Сейтказина Замира Жанболатовна	Тәрбиеші	Педагог- модератор					+	

2023-2024 жж, 2024-2025 жж, 2025-2026 жж



Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі 76,7%.

2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-тармағының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-қосымшасының 22-тармағы талаптарына сәйкес келеді.

Қорытынды:

2023-2024 оқу жылында екінші санатты 3, жоғары санатты 2, педагог модератор 3, педагог сарапшы 3, педагог зерттеуші 1. Санаты жоқ педагогтардың саны 9. Оның ішінде 3 педагог жас маман. Жас мамандар 25-26 оқу жылы аттестациядан өтуге өтініш береді. 2023-2024 оқу жылында бірінші санатты 1 педагог педагог-модератор біліктілік санатына өтіп, педагог модератор лауазымына сәйкестігіне аттестатталды. Жоғары санатты 2 педагог, екінші санатты 2 педагог, санатсыз 1 педагог 2024-2025 оқу жылында педагог-модератор санатына өтініш берді.

2024-2025 оқу жылында педагог зерттеуші – 1 педагог, педагог сарапшы -2 педагог, екінші санатты 1 педагог, санатсыз 7 педагог болды. Өткен оқу жылында педагог-модератор санатына өтініш берген 5 педагогтың санаттары расталып, педагог модераторлардың саны 11 ға артты.

2025-2026 оқу жылында педагог сарапшы -1 педагог, педагог модератор 9, екінші санатты 1 педагог, санатсыз 8 педагог, жыл басында 3 жас маман болды. Қазан айында 1 жас маман Мархабатқызы Аида декреттік демалысқа кетсе, наурыз айында 1 жас маман Қалымбекова Аида өз еркімен жұмыстан шығып кетті. Жас маман саны 1.

Педагогтардың ауысып кетуіне және жаңа педагогтардың келуіне байланысты 2025-2026 оқу жылындағы педагогтар санатына өзгерістер болды. 2026-2027 оқу жылына 4 педагог біліктілік санаттарын алуға, растауға өтініш беріп отыр.

Қорытынды: 2023-2026 жылдар ішінде кадрлармен жұмыс келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- санаты жоқ педагог-тәрбиешілер саны азайды;
- біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтар саны артты;
- тәжірибе алмасу мақсатында бірнеше форум, семинарларға қатыса алды;

2023-2024 оқу жылында балабақшамызда «Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы ШҚО бойынша кәсіби дамыту институтының Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған «Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік даму ортасын ұйымдастыру» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсынан өтуші тәрбиеші-педагогтарға арналған семинар болды.

Семинарда балабақшамыздың тәжірибелі тәрбиешілері Г.Б.Мурзағалиева, А.Н.Ахмадиева және бейнелеу өнері мұғалімі Г.Ж.Исалинова ұйымдастырылған іс-әрекет, шеберлік сыныптар көрсетіп, өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті.


2024-2025 оқу жылында балабақшамыздың тәжірибелі тәрбиеші-педагогтары тәжірибе тарату мақсатында «Ұлттық құндылықтар-тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында кіріктірілген ойын іс-әрекетін өткізді. Мақсаты: тәрбиеленушілердің ұлттық құндылықтар мен ұлттық ойындар туралы түсініктерін кеңейту. Ұлтжандыққа, отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлей білуге үйрету. Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ата-аналардың балабақшамен қарым-қатынасын күшейту, берекелі отбасы мәдениетін қалыптастыру.

2025-2026 оқу жылында балабақшамыздың тәжірибелі педагог-психологы М.М.Тұрсынханова «Үштік одақ: Ата-ана, педагог және бала арасындағы байланыс арқылы эмоционалды ортаны, мінез-құлықты қалыптастыруда педагогикалық-психологиялық қолдау» тақырыбында педагог-психологтарға қалалық семинар өткізді. Мақсаты: Ата-ана, педагог және бала арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайта отырып, мектепке дейінгі ұйымдағы эмоционалды қолайлы орта мен бала мінез-құлқын қалыптастыруда педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.


Педагогтардың жалпы еңбек өтілі

Жалпы еңбек өтілі	Педагогтар саны		
	2023-2024	2024-2025	2025-2026
0-5 жыл	8	4	1
5-10 жыл	4	5	6
10-15 жыл	4	8	8
15-20 жыл	2	2	1
20 жылдан жоғары	4	3	3


Жұмыс өтілі бойынша (2023-2024)



Жұмыс өтілі бойынша (2024-2025)



Жұмыс өтілі бойынша (2025-2026)



Қорытынды:

2023-2024 оқу жылында жұмыс өтілі 0 - ден 5 жылға дейін – 36%, 5 - тен 10 жылға дейін-18%, 10 - нан 15 жылға дейін - 18%, 15-20 жылға дейін - 10%, 20 жылдан жоғары – 18 %.

2024-2025 оқу жылында жұмыс өтілі 0 - ден 5 жылға дейін – 18%, 5 - тен 10 жылға дейін-23%, 10 - нан 15 жылға дейін - 36%, 15-20 жылға дейін - 9%, 20 жылдан жоғары – 14 %.

2025-2026 оқу жылында жұмыс өтілі 0 - ден 5 жылға дейін –5%, 5 - тен 10 жылға дейін-32%, 10 - нан 15 жылға дейін - 42%, 15-20 жылға дейін - 5%, 20 жылдан жоғары – 16%.

Біліктілікті арттыру курстарынан өту аттестаттаумен ынталандырылады, ол педагогикалық ұжымның кәсіби өсуінің көрсеткіші болып табылады.

Талдау көрсеткендей, тәрбиеші-педагогтардың көпшілігінде педагогикалық тәжірибесі 10 жылға дейін және 10 жылдан жоғары.

Педагогтардың жетістігі бойынша талдау:

2023-2024 оқу жылы:

«Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы ШҚО бойынша кәсіби дамыту институтының Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған «Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік даму ортасын ұйымдастыру» тақырыбындағы біліктілікті арттыру бағдарламасындағы көшпелі тәжірибелік сабақ аясында өз тәжірибесімен бөліскен тәрбиеші-педагогтар Г.М.Мамыржанова, А.Н.Ахмадиева, Г.Ж.Исалинова сертификат иегерлері болды. «Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы ШҚО бойынша кәсіби дамыту институтының «Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған қызметінің құралы ретінде» тақырыбындағы облыстық педагогикалық шеберханада балабақшамыздың педагогы А.К.Толемисова белсенділік танытып, шеберлік сыныптарына қатысып, «Өрлеу БАҰО» АҚ филиалының сертификат иегері болды. С.Аманжолов атындағы ШКМУ жоғары колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие» бөлімінің студенттерінің жыл сайынғы қорытынды мемлекеттік емтихандарында балабақшамыздың тәжірибелі педагогы А.К.Толемисова комиссия мүшесі болып, мемлекеттік емтиханға шақырылды.

